

"Қазақстан салыстырып тексеру қызметі" еншілес мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 8 қыркүйектегі N 904 Қаулысы

"Мемлекеттік кәсіпорын туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы Заңына сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің "Қазақстан метрология институты (ҚазМетрИн)" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын ықшамдау және оның қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің "Қазақстан метрология институты (ҚазМетрИн)" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына "Қазақстан салыстырып тексеру қызметі" шаруашылық жүргізу құқығындағы еншілес мемлекеттік кәсіпорнын құруға рұқсат етілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі